




№ 35/316
30 АВГУСТА 2013 ГОДА

газета издается с 26.06.2004 года

30-тамыз - Конституция күні !



АСҚАҚТАЙ БЕР, АТАЗАҢ!

Еліміздің 1995-жылғы отызыншы тамызындағы жаңа Конституциясы – көп ұлтты халқымыздың шынайы еркі мен ертенгі күніне деген сенімді құжаты болып табылады. Конституция - әр мемлекеттің бет-бейнесін көрсететін, оның біртұтастығын, халықтың, биліктің қағидаларын бекіткен құқықтық құжат, сондықтан, әрбір қазақстандық үшін, Ата Заңымыздың орны бөлек. Онда мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, - делінген, яғни, азаматтың жеке

бостандығы, конституциялық құқықтары бекітілген. Оны қадір тұту Қазақстан мемлекетінде тұратын әр азаматтың негізгі борышы. Қазақ елінің мызғымас алтын қазығы, басты құндылығы адам болса, мемлекет өз халқының жағдайын жақсартып, оқу-біліммен, жұмыспен қамтамасыз студі басты назарда ұстауда. Бүгінде қазақ елінің бір ортаға тоғысып, бейбітшілік пен бірлікті ұран еткені әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналып отыр.

Біздің Қазақстан азаматтары шет елдерде жүрген кезде олардың құқықтары заңмен қорғалады, азаматтар тегін орта білім алуға, мемлекет кепіл берген тегін медициналық көмек алуға құқылы. Адамның жеке өміріне, қадір-қасиетіне қол сұғылмауы, әркімнің өзінің және отбасылық құпиясының болуы, абыройы мен ар-намысының қорғалуы бекітілген. Конституция әр адамның бүгінгі қоғамға бейімделуіне, қоршаған ортада емін-еркін өмір сүруіне, ең бастысы оның болашағына бастаушысы болып табылады. Тарихы тереңнен бастау алатын қазақ елі өз жерінде тәуелсіз мемлекет құрып, ел аумағында еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген азаматтық қоғам құра білді. Берік тәртіп орнаған мемлекеттің болашағы зор, игілікті ісі де мол болмақ. Атазаңымыз анықтап берген демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетімізде әрқашан татулық пен бірлік, бейбітшілік пен тұрақтылық әрқашан сақталуда.

Елбасымыздың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты

бағдарламалық мақаласында жаң-жақты қамтылған мәселелердің, өмір сапасының қазақстандық үлгісі туралы тұшымды ойлары әрбір азаматтың ұстанымы болуы керек, - деп, ойлаймыз.

Біздің, Приозерск қалалық Әділет басқармасының және басқа да құзырлы орындар мамандары жоғары-дағы мақаланың бағыттарын басшылыққа ала отырып, өз тарапынан тұрғылықты халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуде. Әрбір қызметкер өзіне жүктелген міндеттерді үлкен жауапкершілікпен атқара отырып, халыққа құқықтық, заңгерлік көмек көрсетуде. Некеге тұру мен сәбилердің өмірге келу көрсеткіші көтеріліп келеді, әрине, бұл қала тұрғындары үшін қуантарлық жағдай. Мұндай көрсеткіштер адамдар өмірінің жақсаруына септігін тигізуде. Егер бұдан да жақсырақ, дәулеттірек өмір сүргіміз келсе, Елбасы мақаласындағы ұстанымдарды орындап, өзімізге міндеттелген жұмыстарды үлкен жауапкершілікпен атқаруға міндеттіміз.

Атазаңымыздың асқақтығы мен өміршеңдігін, қазақстандықтар үшін жасап жатқан жақсылықтары мен игілікті істерін жас ұрпақтың санасына сіңіріп отыру да аға буынның еншісіндегі міндетті істің бірі деп білуіміз керек. Онау атаулы мерекемен қаламыз тұрғындарын құттықтап, еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігі жолында ауызбіршілікті һәм саулығы мықты ел болуын тілеймін!

Н. Қыдырмұратұлы

Құрметті қала тұрғындары !

Осы бір айтулы күн біздің егемен мемлекетіміз үшін, әрбір қазақстандық азамат үшін айрықша маңызды.

Конституция – мемлекеттің ерекше белгісі, айбыны мен абыройының символы. Негізгі заңды құрмет тұту және орындау өз еліңді құрметтеуді, Қазақстан Республикасының азаматы деген жоғары атаққа лайық болуды білдіреді.

Әрқашан бұл мереке әрбірімізге Отанымыздың игілігі жолын-да алға қойған мақсатымызға қол жеткізуге күш-жігер, сенім сыйласын.

Баршаңызға бейбітшілік және ыстық ықылас, бақыт, береке және зор денсаулық тілейміз.

Тәуелсіз еліміз гүлденіп, әрбір шаңырақ шаттыққа кенелсін!

Құрметпен,

К. Камзин, қала әкімі
Б. Сәрсембеков, мәслихат қалалық хатшысы

Уважаемые жители города!

Конституция – важнейший атрибут государства, символ достоинства и чести. Уважать и исполнять Основной закон – значит уважать свою страну и нести с достоинством высокое звание гражданина Республики Казахстан.

Пусть этот праздник всегда придает нам силы и уверенность в достижении поставленных целей во благо нашей Отчизны!

В этот знаменательный день желаем всем Вам мира и тепла, добра и благополучия, достатка и здоровья.

С праздником, дорогие соотечественники!

С уважением,

К. Камзин, аким города
Б. Сәрсембеков, секретарь городского маслихата

Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар, ата-аналар!



Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймыз!

1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл мереке кейбір азаматтардың мектеп қабырғасын, колледж және жоғары оқу орындарына барған күндерін еске түсірумен сипат алса, жас мұғалімдердің алғашқы жұмыс күні әсері мен толғанысын айғақтайтын ұмытылмас сәттермен есте қалады. Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді.

Білім беру мекемелерінің педагогтары мен жетекшілері бүгін, яғни 1 қыркүйек күні білім қабырғаларын аттағалы тұрған оқушылар мен тәрбиеленушілерді қарсы алады, бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағы тәуелді болған қызу қайнаған, жауапты кезең бастамасы.

Дәл осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінің жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады.

1 қыркүйек күні – бірінші сынып оқушылары үшін – үлкен өмірге аяқ басқан күн, өзінің жеке болашағына қосқан алғашқы үлесі. Біз олармен бірге жаңа өмір жолына аяқ басамыз. Сондықтан да алдымен осы бүлдіршіндерді құттықтағымыз келеді. Білім жолындағы Сіздердің алғашқы қадамдарыңыз болашақта білім алуларыңыз бен дамуларыңызға негіз бола алыс. Білім жадыны емес, ойды жүзеге асырғанда ғана білім бола алады, сондықтан да сіздерге күш-жігер, шабыт және табандылық тілеймін. Мектеп жолы Сіздер үшін жеңіл болсын және жетістік пен тек қана жеміс әкелсін.

Бірінші қыркүйек күні өмірлерін білім саласына арнаған барша ұстаздар қауымына ерекше көңіл аударылатын күн. Ұстаздық – Алланың берген кәсібі, басқа кәсіптер – мұғалімнен алынады. Өйткені, әрбір инженердің, экономисттің, бухгалтердің, ғалымның, жұмысшының еңбегіне педагогтың сіңірген еңбегі зор. Оқушылардың жаңа буынын оқыту мен тәрбиелеуде олар қаншама тер төгеді, еңбектенеді, оларды өз елінің лайықты азаматы етіп тәрбиелейді, мақтанышы болуға дайындайды. Сол себептен, Сіздерге үлкен

алғысымызды білдіреміз, қымбатты ұстаздар мен тәрбиеші қауым. Өскекең ұрпақты тәрбиелеу мен білім нәрін сусындатуда қажымас еңбектеріңіз, төзімділіктеріңіз үшін Сіздерге шексіз алғыс білдіремін. Зор денсаулық, отбасында береке, алдарыңызға талпысы мол шәкірттер мен тәрбиеленушілер, данышпан да жақсылыққа жаны құштар жандардың келуін тілеймін.

Қымбатты ата-аналар, Сіздерді тағы да шын жүректен 1 қыркүйек күнімен құттықтаймыз! Бүгін Сіздердің балғын балаларыңыз білім ордасына алғаш аяқ аттап басса, күні ертең-ақ олар өз еңбектерінің арқасында отбастарының мәртебесін арттырады, мемлекеттің жанаруына, оның құдіретін күшейтуге өз білімдері мен күш-қайраттарын аянбай жұмсайтын болады.

Қымбатты ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар! Сіздерді тағы да Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ашылуларға ұдайы ізденіс, шығармашылық, жаңа жасалым, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілейміз! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Құрметпен,

К. Камзин, Приозерск қаласының әкімі
Б. Сәрсембеков, Приозерск қалалық мәслихат хатшысы

Уважаемые педагоги, родители, первоклассники и учащиеся школ!

Примите наши поздравления с Днем знаний!

Сегодня 1 сентября - праздник первого звонка. Это самый долгожданный день для тех, кто впервые переступит школьный порог. Это - праздник для первоклашек и первокурсников. И те и другие вступают в совершенно новую жизнь. Потому этот день для них самый волнующий и запоминающийся. Это праздник и для тех, кто не впервые сядет за парту, а делает очередной шаг по длинной, но такой интересной, полной открытий школьной дороге...

1 сентября празднуют школьники и студенты, в этот день у них начинается новый учебный год.

День знаний – это первые звонки и волнения, море цветов и белых бантов, и конечно, традиционные открытые уроки. Это самый долгожданный день для тех, кто впервые переступит школьный порог. Новенький портфель, учебники, прописи, парты и школьные доски, испуганные глазенки, первая учительница. Как все это дорого сердцу...

(продолжение на стр.2)



КОНСТИТУЦИЯ - ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан бүгінде мемлекеттіліктің барлық белгілері бар егемен ел ретінде орнықты, халықаралық қоғамдастықтың тең құқылы әрі беделді мүшесіне, әрбір азаматтың қасиетті қара шаңырағы, киелі мекені – Отанына айналды. Бұған негіз болған еліміздің ата заңы – Қазақстан Конституциясы.

Өйткені Конституция – бұл жоғары заңдық күшке ие және адам мен қоғамның арасындағы қарым-қатынастардың негізін реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі, мемлекеттіліктің, тұтас алғанда қоғамның өзіндік бір белгісі, басты заңы. Конституция мемлекеттің және қоғамдық өмірдің заңдық іргетасы, ұлттық құқық жүйесінің басты қайнары, билік институттары тұрақтылығының, заңдылық пен құқықтәртібінің кепілі болып табылады. Қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттің Конституциясы халықтың егемендігін, әлеуметтік-саяси құрылыстың негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік құрылыстың түрін, билікті жүзеге асыру тетіктерін бекітеді. Конституция – бұл құқық билігіне негізделген мемлекеттің ең алғашқы қажетті шарты. Ол елдің егемендігін баянды еткен ең жоғары құқықтық акт болып табылады.

Міне, осы тұрғыдан алғанда бұрын өз тәуелсіздігін жариялаған Қазақ елі мемлекеттілігінің осы жылдардағы қалыптасу кезеңдерін айшықтаған Ата заңымыздың еліміз бен әр азаматтың өмірінде алар орны айрықша. Әлемнің саяси картасында енді пайда болған мемлекеттік құрылым үшін алғашқы жылдарда өмірдің бар саласында бейберекетсіздік пен жүгенсіздік, тәртіпсіздік тән болатынын ескерсек, сол кезеңде ең алдымен еліміздің мемлекеттілігінің заңдылығын қамтамасыз ету аса күрделі міндет болғаны түсінікті. Сол кезеңде Мемлекет басшысы жүргізген сарабал саясат арқасында Қазақстан мемлекеттілігі әлемге жарияланып, 1995 жылғы Конституцияда бекітіліп қана қойған жоқ, әлемдік

қоғамдастық тарапынан да мойындалды.

Еліміздің жаңа тарихы 1991 жылғы 16 желтоқсанынан басталды. Осы күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы конституциялық заң қабылданып, еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Жалпы, Қазақстан тәуелсіздігінің құқықтық негізі 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияда қаланып, республика Конституциясы мен заңдарының, КСРО-ға өз еркімен берген мәселелерді қоспағанда, Қазақ КСР-і аумағында басым болатындығы туралы алғаш рет осы декларацияда айтылды. Тоқсаныншы жылдарының басында осы көрсетілген актілер, былайша айтқанда, «уақытша Конституцияның» рөлін атқарды. Кейін олардың ережелерінің көбі еліміздің 1993 жылғы алғашқы Конституциясына, содан соң Қазақстан мемлекеттілігін заң тілімен түпкілікті рәсімдеп, елдегі жаппай қайта өзгертулерге бастау болған қолданыстағы Конституцияға арқау етіп алынды.

Жаңа мемлекеттің халықаралық деңгейде және сол мемлекеттің өз ішінде танылуы елдің Ата Заңы қабылдануымен байланыстырылады.

Еліміздің қолданыстағы Конституциясы ең демократиялық жолмен – республикалық референдумда қабылданды, яғни оны халықтың қолынан шыққан өнім деуге болады. Мемлекеттің заңдастырылуы конституцияны дайындау мен қабылдау тәсілдеріне ғана емес, елдің сол басты құжатының сипаты мен мазмұнына да байланысты болады. Бұл тұрғыда Ата заң халықтың барлық топтарының мүддесін ескере отырып, мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен басқарудың демократиялық принциптеріне, құқықтың үстемдігіне, жалпыға ортақ танылған халықаралық өлшемдерге негізделуге тиіс. Еліміздің қолданыстағы Конституциясы осы талаптарға толығымен жауап береді. Негізгі Заңның 1-бабына сай Қазақстан Республикасы өзін

демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Конституция идеологиялық және саяси сан алуандылықты, ел аумағының тұтастығын, халық билігі принципін, мемлекеттік рәміздерді, жеке меншікке қол сұғылмауын, Негізгі заң нормаларының ең жоғары заңдық күшін және тікелей қолданылуын, адамның және азаматтың халықаралық деңгейде танылған құқықтары мен бостандықтарын, президенттік басқару нысанын, мемлекеттік биліктің жаңа жүйесін бекітті.

Елбасы 2009 жылғы тамызда бекіткен, қолданыстағы 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында Конституцияның құқықтық құндылықтарын, принциптері мен нормаларын, ең алдымен, мемлекеттік билік органдары мен оның лауазымды адамдарының қызметінде толыққанды іске асыру, бұл ретте Конституцияны тікелей қолданумен қатар ағымдағы заңнама және құқық қолдану арқылы оның әлеуетін қамтамасыз ету конституциялық құқықтың негізгі міндеті ретінде белгіленді. Осының нәтижесінде адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең басты бағыты болып табылатын конституциялық құндылықтар жүйесінде үлкен өзгерістерге жол ашылды. Қазіргі Қазақстан қоғамы мемлекеттің ең басты байлығы – адам екендігін, сондықтан әрбір тұлғаның ар-абыройын, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қол сұғылмайтын құндылық ретінде тану және қорғау идеяларын орнықтыру бағытында дамып келеді. Бұл ең алдымен бүгінгімізді қамтамасыз еткен, жарқын болашағымызға жол ашып тұрған Ата заңымыздың ғұмыры ұзақ, егемендігіміз баянды болғай! Мемлекетіміз бен қоғам тұрақтылығының, болашаққа деген сенім мен халқымыздың ауқатты тұрмысының, лайықты өмірінің кепілі - Ата Заңымыздың мерейі әрдайым үстем болсын.

М.Исабеков,

Приозерск қаласы

Әділет басқармасының басшысы



Мұғалімдердің тамыз конференциясы дәстүрлі жалғасын тапты

ардагерлері қатысты.

Қала әкімінің орынбасары қала мұғалімдерін жас ұрпақты оқытып тәрбиелеуде қол жеткізген табыстарымен құттықтап, жыл көлемінде білім саласында істелінген жұмыстарды тілге тиек етті. Конференцияның пленарлық бөлімінде білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы Г.Қасымова баяндама жасады. Баяндамашы қала мектептері мен балабақшаларындағы оқу, тәрбие жұмыстарына талдау жасап, қол жеткен жетістіктер мен алда тұрған міндеттерге тоқталды.

Мәжілісте сондай-ақ, «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жағдайында инклюзивті білім беру мәселелерін шешу» тақырыбына А.Қуандықова, «Мектепке дейінгі жастағы балаларға ағылшын тілін оқыту тәжірибесі» тақырыбына Ф.Абатаева «12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру сапасын қамтамасыз ету» тақырыбына М.Қалабаева, «Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының негізгі талаптарына сәйкес информатиканы оқытудың басты мақсаттары» тақырыбына Н.Улмаханов, «Инновационные процессы в системе повышения квалификации работников образования» тақырыбына А.Демидова, «Қазақтың ұлттық колөнері арқылы баланың шығармашылығын, іздемпаздылығын дамыту» тақырыбына А.Сейтенова баяндама оқыды.

Пленарлық бөлімнің соңында білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі, өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі толымды табыстары, кәсіби шеберлігі, педагогикалық үрдісіндегі біліктілігі үшін ұстаздар қала әкімінің, білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Құрмет грамоталарымен қатар, алғыс хаттармен марапатталды.

Гүлжайна Келдібайқызы



(начало на стр.1)

1 сентября – праздник начала нового учебного года, прежде всего для учеников, учащихся, студентов, учителей и преподавателей. Традиционно в этот день в школах проходят торжественные линейки, посвященные началу учебного года. С особой торжественностью встречают в школах первоклассников. Для них звучат песни про школу, рисуют школьные стенгазеты. День знаний в 1 классе – это начало длинного жизненного отрезка пути, которое обязательно начнется с линейки, торжественных речей, подарков.

1 сентября – это праздничный день для всех школьников, студентов и их родителей. 1 сентября ученики и их родители дарят учителям цветы, поздравляют с началом учебного года. Во всех школах учителя проводят интересные открытые уроки, на которых разрешают присутствовать родителям, гостям.

Это особенный день для всех педагогов. Хочется пожелать им в новом учебном году интересных уроков, творческих побед, терпения и понимания. Пусть приумножаются успехи и, несмотря на трудности, работа приносит радость и позитивные результаты.

Дорогие ребята, всем, кто садится за парты в этот день, мы желаем успешного учебного года, ярких событий школьной жизни и самое главное – веры в свои силы и большого желания добиться поставленных целей!

Мы поздравляем вас с этим замечательным днем и желаем вам вспомнить о самом важном: о мудрости в жизни. Пусть в жизни вас и ваших детей всегда будет место знанию, мудрости, которые помогают справляться с житейскими неурядицами. Доброго пути вам! Доброго пути всем, для кого 1 сентября – праздник. Праздник, который отныне будет теперь всегда с вами!

С уважением,

К. Камзин, аким города

Б. Сарсембеков, секретарь городского маслихата

Жаз мезгілінде көлде шомылудың аяқталуы туралы

Жаз айларының соңғы күндері де елеусіз зымырап өтіп жатыр.

Көп ұзамай көлде шомылу науқаны аяқталады. Қазіргі уақытта барша жұрт бірі қонақтар, бірі еңбек демалысына шыққан жергілікті қала тұрғындары барлығы да жаппай көлге дем алуға барады.

Ауа райының ыстық болуына байланысты жағажайларда халық саны аса көп...

Көлде шомылғанда демалушылар түрлі жағдайда, атап айтқанда мас күйінде суға түсіп жатады. Масайған адам суға түскен кезінде көбінесе қауіпсіздікке мән бермейді.

Мұның соңы келеңсіз жағдайларға әкеліп соқтырады.

Алайда, сіздерден көлде шомылғанда жеке басыңыздың қауіпсіздік шараларын сақтауларыңызды сұраймыз.

Жағалаулардағы төбелерден жастар суға алаңсыз секіріп жатады. Оларды көрген жасөспірімдердің еліктеп төбеден секіріп жататыны тағы бар.

Сонымен қатар, көлге ата-анасыз келетін жас балалар өте көп. Балаларыңызды қадағалауды ұмытпағандарыңыз жөн болар.

Күн сайын біздің қызметкерлер патрульге шығуда. Жағалауларда орнатылған тыйым салушы белгілерге қарамастан адамдар суға түсіп жатады. Ал, балықшылар жағалаулардағы төбелер басында отырып балық аулайды. Қандай жағдай болмасын жеке басыңыздың қауіпсіздігін ойлай жүрген артық болмас.

Сонымен, қыркүйектің 1 жұлдызынан бастап, шомылу науқаны аяқталады.

Ауа райы біртіндеп суытып барады. Көлдегі судың температурасы да төмен дәрежеде болып, толқындары күшейетіні сөзсіз. Осыған көңіл аудармай әлі де болса, демалушылар көлге суға түсіп жатыр. Бұл өз кезегінде келеңсіз жағдайлар тудыруы ықтимал (суда орын алатын төтенше жағдайларды). Құрметті қала тұрғындары және келуші қонақтар!! Өрқашан да, барша қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауларыңызды ескертеміз.

Исиркова Д. Е., Приозерск қаласы МПТ медбикесі

Тарихта есімі алтын еріппен жазылған ұлы тұлғалар



Шоқан Уәлиханов өз ата тегі туралы шежіресінде атасы Абылайдан 30 ұл, 40 қыз тарағандығын жазған болатын. Ханның үлкен ұлы Уәли сұлтан карақалпақ бегінің Сайман атты қызынан 1738 жылы дүниеге келген. Шоқаннан қалған мұраға сүйенсе айтсақ, Уәли жас кезінде өте қалжыңбас әрі тентек болғанға ұқсайды. Тіпті ол қалмаққа қарсы бір қақтығыстың аяқ астынан туындауына себепкер де болған.

Сол тұста бір жатжұрттық қыз үшін Уәли қалмақ ноянымен сөзге келіп, етіктің өкшесімен бір теуіп, қалмақтың қабырғасын опырып жібереді (Ақбай Н. Шоқан жазып алған аңыздар // Қазақ әдебиеті, 2011, 25 ақпан). Мұның өзі жас сұлтанның өр тұлғалы әке жанында жүріп, жасқануды, бас июді, кері шегінуді білмейтін, дұшпанға қатыгез, намысшыл болып жорықтарда жонылғанын аңғартса керек-ті. Бірде хан Абылай бөгерген түсін атақты Бұқар жырауға жорығыпты. Түс жору барысында әйгілі жырау Абылайдың бүкіл қазақ еліне хан сайланатынына, елді сақтау жолындағы күресіне, әулеттен тарар үрім-бұтағына, яғни барша тұрғынына болжам айтса керек. Жырау хан перзенттерінің ішінде Уәли мен Қасымды бөле жара көрсетіп, алғашқысының бір тармағы атын қағазда, кейінгісінің бір тармағы атын қан майданда шығарарын болжайды (Төрехұлы Н. Қазақтың 100 би-шеңені /Атамұра сериясы/. – Алматы, Қазақстан, 1995. 105-105б.). Кейін Абылай ханның қабылдауына келген орыс елшісі П.Чучалов «Уәли сұлтан әкесі Абылай сияқты өр көкірек, алған бағытынан қайтпайтын қайсар әрі құбылмалы. Ол мені бір-ақ рет қабылдады. Бұл қылығын «әкем де Ресей жақтан келгендермен бір-ақ рет кездесетін» деген бағыттағы пікірін орыс үкіметіне хабарлайды (КРО 2. – С.106). Әрдайым әке жанынан табылатын Уәли сұлтан қара шаңырақты ұстады, хан жорыққа аттанып, не ел шаруасымен сапарда болған тұстарда үлкен шаңыраққа бас-көз болады. 1760 жылы қазақ-қырғыз қарым-қатынасы шиеленіскен кезеңде хан Абылай елдің оңтүстігіне аттанды. Содан бірнеше жылға созылған шайқастар басталды. 1766 жылы 3 тамызда Орта жүзге барып қайтқан башқұрттар К.Қазанбаев пен У.Азлаевтар Абылайдың ұлдарымен бірге қырғыздың Қаработа биімен келісімге келгендігін жеткізеді. Қырғыз биі бір ұлын түтіндерімен аманатқа аттандырады. Сәл кейін Абылай Қоқан бегі Ерданаға қарсы жорықты бастайды. Омбы қорғанына келген Оразмамет тархан Абылай мол олжаға ие болып, оны Уәли сұлтан арқылы өз иелігіне жібергендігін хабарлайды. Уәли 1766 жылы жаз айларында Ташкент бағытынан Орта жүзге оралып, қайтадан әскери қол жинап, оларды көмекке Ташкентке аттандырады (Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Абылай). – Алма-Ата: Наука, 1988. – С.110-112).

Абылай хан елге оралған соң ташкенттіктерді біржолата бағындыру жоспарын жалғастыру мақсатында Қытай патшасына арнайы елшілік дайындаған. Қалыптасқан жағдайды қазақ бақылауға алған Абылай осы жолы қазақ елшілігін ұлы Уәлиге тапсырады. Қазақ елшілері 1769 жылдың басында Қытайға жетеді. Сәуір айында Уәли сұлтанды Қытай патшасы қабылдап, өзара келіссөз жүргізіледі.

Абылай Уәли сұлтанды Ресей бағытында да шындай түсті. 1772 жылы 24 шілдеде хан орыс шенеуніктерімен жазысқан хаттарында Уәлидің өз тапсырмасымен қазақ даласындағы 26 орыс адамын тауып бергендігіне ерекше тоқталады. Хан сонымен бірге Петропавл бекінісіндегі әскердің қыпшақ болысына зәбір көрсеткенін алға тартып, мұндай жағдай қайталана берсе, екі ел арасында ешқандай татулық болмайтындығын ескертеді (Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі: Ғылыми басылым. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. Т.2. 271 б.). Уәлидің Ресей бағытындағы саясаты Е.Пугачев бастаған орыс шаруалары көтерілісі кезінде анық байқалды. Уәлидің қол астындағы қазақтары шекарадағы орыс әскерлеріне қарсы көтеріледі. Ол тұрағында сұлтан бригадир Сумароковқа ашық жазған. Қазақтардың басты мақсаты шекара бойындағы жайылым мәселелерін шешу болды. Е.Пугачев те осыны жақсы түсінді. Сондықтан ол 1774 жылы наурыз, сәуір айларында Абылайға елшілерін бірнеше рет жіберген. Дегенмен, Абылай мен Уәли өз саясатын үнемі бүркемелеп отырған. Бірде Уәли сұлтан Пугачев елшілеріне: «Біз оны (Пугачевті) патша деп танымаймыз, тек кара ниетті ұры әрі қарақшы деп білеміз», – деген жауап қайтарған.

Бұл аралықта Уәли тікелей орыс әскерлерімен байланысқа шығып, мемлекеттік мәселелермен шұғылданып, қазақ-орыс қарым-қатынасын шиеленістірмеу бағытында жұмыс жасады. Мәселен, 1777 жылы көктемде генерал С.В.Сумароковтың Құдайменді сұлтанды тауып беру туралы өтінішіне асқан сабырлықпен «әкем Абылай келгеннен кейін, тілегіңіз орындалады», «бүлікшіл бұзықтарыңызды тыныштандыруға мен өз еркімнен әскер алып бара алмаймын. Бұл – әкемнің ғана құзырындағы шаруа», ал енді өзін бекініске шақыруына «мен әкемнің билігінсіз бұл жерді тастап кете алмаймын», деп нақты жауап қайтарады (Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі. 315, 325, 339 б.).

XVIII ғасырдың 70-жылдары Абылай хан ұлдарынан Уәли сұлтан Солтүстік Қазақстанда, Сүйік пен Шам солтүстік-шығыс пен Балқаш өңірінде, Қасым Орталық Қазақстан мен Бурабайда, Әділ сұлтан Ұлы жүздегі үйсін руларында, ал хан бауыры Сұлтанмамбет пен баласы Орыс сұлтандар Баянауылда тұрақтады. 1778 жылы Тоғым сұлтан Ресейге елшілікке барып қайтқаннан кейін, Абылай хан ұлдарын, би-батырларын жинап арнайы кеңес өткізеді. Кеңесте елдің оңтүстігіндегі қырғыздардың шабуылдарын тоқтату жолдары талданады. Содан хан 1779 жылы тамыз айында өзі бастап, жанына 5 ұлы, 2 әйелін ертіп Түркістанға жол тартады. Орынбор губернаторы И.Рейндропқа жолдаған хатында хан өзі бұл жерден (Көкшетаудан) аттанып бара жатса да, бір ұлын ел ағаларымен бірге осы жерде қалдырғандығын хабарлайды. Ол тұрағында М.Бекжурин 1780 жылы 16 маусымда «Абылай ханның мұндағы отбасы ұлы Уәли сұлтанның жауапкершілігінде, қалған жұрағаттары Сібір

шебіне таяу жерді қыстайды», деп анықтайды (КРО 1, С.102). Кейін Орынбор кеңсесіне Абылай ордасында хатшылық қызмет атқарған Я.Усманов ханның оңтүстіктегі жеңістерін хабарлады. Я.Усмановтың жазуына сенсек, Абылай хан жанында болған Шыңғыс, Есім сұлтандар, Дат батыр Көкшетауға 1780 жылдың қазан айында қайтып келіп, әкелерінің алдағы жылы көктемде оралатындығын хабарлаған. Хатшы Уәлидің әкесіне хат жолдап, елге қайтуын өтінісін және ханның да Уәли мен Шыңғыс ұлдарына ерекше көзқарастарын жеткізеді. Сонымен бірге, Я.Усманов Уәли сұлтанның басқаларына қарағанда саликалы, есті адам екендігін, ғайыптан таып Абылай о дүниелік бола қалса, көпшіліктің хандыққа соны лайық көретіндігін ашық жазады (Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі. 396-397 б.).

Тарихшы Ж.Қасымбаевтың пікірінше, Абылай хан қайтастан бұрын үш жүздің өкілдерін Түркістанда жинап, өз мұрагері ретінде Уәлиді ұсынып, көпшіліктің қолдауына ие болған. Ғалым, неге екені белгісіз, Уәлиді ханның екінші ұлы болатын, үлкен ұлы Дүр-Әділхан белгісіз себептермен ұсынылмады, соған қарағанда, Абылай Уәлидің өз саясатын қолдаған ерекше қабілеттерін жоғары бағалаған деген тоқтам жасайды (Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – Алматы: Білім, 1999. – С.130). Шоқан шежіресі, Қытай деректері Уәлиді ханның үлкен ұлы деп есептейді. Абылай ұрпақтарын қатаң бақылаған орыс тыңшылары мәліметтері де оны айғақтайды (КРО 2, -С.105).

Сонымен, Абылай хан елдің оңтүстігінде 1780 жылдың соңында қаза тапты. Орыс тыңшылары Шыңғыс сұлтанның қазақтарға әкесінің өлімі туралы жаздағы басқосуға дейін орыстарға айтпаңдар дегенін анықтайды. Орынбор кеңсесі хан өлімін шамамен 1781 жылдың қаңтар айында естіген. Сол бола оның өлімін анықтау туралы жан-жақты тапсырмалар беріледі. Олардың басты мақсаты жаңа ханды тағайындауды өз қолдарына алу болатын. Генерал-майор Хвабулов 1781 жылы 20 наурызда Құлбек батырдан келген ақпаратпен танысып, ханның Ташкент маңында қаза болғандығын, оның ұланғандығын естиді. Кейін Абылай ханның Әділ, Рүстем, Тоғым сұлтандардың болғандығы мәлім болады. Жағдайдан хабарланған Ресей саясаткерлері Уәли сұлтанның қадамдарын бақылауға алуға кіріседі. 1781 жылы көктемінде Ұлы жүзден Абылайдың ұлдары Әділ, Тайыр, Бөкей сұлтандармен бірге 60 игі-жақсысы, 2 әйелі Уәли иелігіне келіп жетеді. Міне, содан соң ғана Уәли мен Шыңғыс сұлтандар ханның Түркістан маңында қайтыс болғандығын елге естіртеді. Кейін 23 мамырда Уәли Күсөс батыр мен Тәуекел молда арқылы Н.Г.Огаревке хат жолдап, Абылайдың дүниеден өткендігін жария қылады (История Казахстана в русских источниках XVI-XX ввек. VI том. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С.147-150).

Уәлидің хан сайлануы, оны өзге де төре тұқымдарының, би-батырлардың қолдауы Абылай ханды мойындаған Ресей мен Қытайды тез арада саяси шешім қабылдауға итермеледі. Алдымен Қытай боғдыханы 1781 жылы 26 шілдеде Уәлиді қазақ ханы ретінде таныды. Қытай қолдауына ие болған соң, Уәли хан Ресей патшасы ІІ Екатеринаға тамыз айында өзінің хан тағына отырғанын хабарлап, бауыры Есім сұлтан бастаған қазақ елшілерін аттандырады. Осы аралықта Ресей Уәлидің Петропавл қорғанынан 250 шақырым жерде тұратындығын және хан сайлауда қазақ еліне беделді Абылай ханның інісі Сұлтанмамбет, Барақ тегінен Дайыр сұлтан, Әбілмәмбет хан тегінен ұлы Әбілпейіз ұлдарының қатысып, бірауыздан Уәли сұлтанды қолдағандығын анықтайды. 1781 жылы 31 желтоқсанда И.Якоби Ресей Сыртқы істер алқасына Уәлидің хан сайланғанына ешқандай күмән жоқ, ол да әкесі Абылай сияқты тәкаппар, бірбеткей, оспадар, өр мінезді адам деп хабарлайды (КРО 2, – С.103-106). Ал 1782 жылы 25 ақпанда орыс патшасы да Уәлиді хан тағына бекітеді.

Уәли ханның екі алпауыт елмен қатар байланысын дамытуы оның Абылай жолын жалғастырғанын толық дәлелдейді. 1782 жылы маусым айында ол інісі Сығайды Қытайға аттандырады. Қазақ елшілерін Ежен хан қабылдады. Дегенмен, Қытай 1783 жылы қайтыс болған Әбілпейіз сұлтанның орнына Ханқожаны (Әбілпейіздің әменгерлік жолмен алған, қайтыс болған Барақ сұлтанның әйелімен келген бала – Ә.М.) хандық лауазыма тағайындап, Орта жүздегі билікті екіге бөліп тынды (100 құжат. 85-86 б.). Мұның өзі Абылай заманынан берік орныққан ішкі бірлікті Қытайдың да біртіндеп ыдырату жоспарын қолға алғанын аңғартты. Мұндай жағдайды талдаған Ж.Қасымбаев: «Уәли негізінен Ресей бағытына, Ханқожа Қытайға арқа сүйеді», деген қорытынды шығарған болатын (Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – С.133). Соған қарамастан Уәли хан өз саясатын батыл жүргізуге бағыт ұстанды. 1784 жылы күзде Уәли інісі Шыңғыс сұлтанды 1000-нан аса сарбазымен Ташкентке аттандырады. Сұлтан Ташкенттегі өзара дау-жанжалды реттеген. Осы тұста Тыс сұлтан да 300 адамымен қырғыз ұлыстарын шабуылдап, жеңіліс тауып, қолға түседі. Кейін оған көмекке Шыңғыс жіберіліп, өзара келісімнен соң сұлтан елге қайтарылады (Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – С.79).

Уәли Кіші жүздегі Ресейдің саясатын үнемі бақылауда ұстады. 1785 жылы Айшуақ сұлтанның қазақ-орыстар тұтқынына түсуі, Сапақ сұлтанның қаза табуы, 1786 жылы көктемде Нұрғали ханның шекараға шақырылуы, Уфаға жер аударылуы Уәли ханның О.А.Игельстроммен байланысқа шығуына әкеледі. Уфа және Симбирск генерал-губернаторы ханға тәжірибелі саясаткер ретінде «Сізге тек қана Орта жүзді басқару берілді», деп асқан сақтықпен жауап қайтарады (Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т.IV –М.,-Л.: Наука, 1940.-С.102). Бұл кезеңде Ерәлі сұлтан Уәли хан мен Құдайменді сұлтанның көмек сұрап, адамдарын жібергенді. Бірақ патша үкіметі 1786 жылы Кіші жүздегі хандық басқаруды жою жоспарын жүзеге асыруға кіріскен сәтте Әбілқайыр Абылай ұрпақтарының бірлігіне жол бермеуге жанталасты. Оны түсінгендіктен Уәли мен Құдайменді Ерәліге «біз ішкі істеріңізге аралас алмаймыз» деген мәтінде хат жолдауға мәжбүр болады (РИССМ. 122 к., 122/3 т., 1786-1787, 12 іс, 23-26 п.).

Кіші жүзде Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыс аздап саябырсыған 1789 жылы полковник Бентам Сібір шептеріне жіберіледі. Осы жылы 15 желтоқсанда Г.А.Потемкинге тапсырған есебінде ханның сенімді би-батырлары қатарында қаракөк Тіленші, төртуыл руынан Жанбатыр, алтай руынан Байдалы билер аталады (РМКМ. 10 к., 3 т., 585 іс, 52 п.). Уәли хан Көкшетауда бауырлары Шыңғыс, Есім, Рүстем, Сыдық, Әубәкір, Өмір, Сығай, Қасымдармен бірге атыңай-майлыбата руымен бірге көшіп қонған. Бентам патшаға «Уәли қашып келген 1500 түтін қалмақ, башқұрт, татар т.б. орыс емес халықтарды қабылдаған. Хан Ресейге ниеттес емес. Ол бізге бағытталған қарсылықтардың бәрін қолдайды», деп хабарлады (РМКМ. 10 к., 3 т., 585 іс, 24-51 п.). 1789-1790 жылдың

қысында елдегі жұтқа байланысты қазақтар Сібір шебіне ішкерілей ене бастады. Оған кедергі жасаған Сібір корпусының басшысы генерал-поручик Штрандманға Уәли хан бірден қарсы шықты. Хан мәселені шешу үшін патшаға елші жіберуді қолға алды. Патша тарапынан түсіністік таппаған соң, Уәли бауырлары Шыңғыс, Рүстем сұлтандар мен Дат батырлардың қолдауымен Сібір шебіндегі форпостарға шабуыл ұйымдастырады. Оның арты қазақтардың Ертіс шебіндегі жәрмеңкелерге де мал өнімдерін шығаруды тоқтатуына әкеледі. 1793 жылы Штрандман Уәли ханға қарсы қазақ-орыстардан құралған әскерлерді жібереді. Мұның өзі Ресейдің саяси, экономикалық жоспарларын Орта жүз территориясында жүзеге асыруды қолға алғанын ашық дәлелдеді. 1794 жылы орыс патшасына жолдаған мәлімдемесінде Я.В.Боувер Абылай ханның ұлдары Уәлидің – бүкіл Орта жүзді, Әділдің – Ұлы жүздің басым бөлігін басқаратынын, ал қалған ұлдарының олардың өз қарамағынан бөліп берген жерде билік ететінін жеткізеді (РИССМ. 122 к., 122/3 т., 3 іс, 255 п.).

1795 жылы 1 ақпанда Штрандман граф П.Зубовқа берген рапортында Орта жүз қазақтарын Ресейдің қол астына толықтай қаратып бағындыруға тырысудамын дей келе, қазақтардың орыс қол астына бағынамыз дегені жай ғана айтылған сөз екендігін мойындайды. Дегенмен, ол Уәли хан мен інілері жағдайды ушықтырып отыр деуді де ұмытпады (КРО 1, -С.140-141). Ресей саясатының алдын алуға тырысқан Уәли Қытаймен байланыстарын жалғастырып, 1795 жылы ол өз ұлы Хамзаны екінші рет (бірінші рет 1791 жылы барған-ды) Бейжіңге жібереді (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 252-253 б.).

Осындай шиеленіскен жағдайда 1795 жылы қаңтарда Ресейдің арандатуымен 2 сұлтан, 19 ру басы өз иеліктеріндегі 43360



адамымен, оларға қосымша 79 мың басқа да Орта жүз қазақтары Уәлиді хандықтан босату туралы хатты орыс патшасына жолдаған (Бекимова К.Т. Орта жүзде қос хандық биліктің пайда болуы // Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар», 2010. N10, 21 б.). Зерттеуші Ж.Қасымбаев осыны қазақтардың Ресейге хат жолдау себебін Уәлидің Ханқожамен келісе алмауынан іздеп, хан ел ішінде саясаткерлік таныға алмады. Ол қарапайым қазақтарды менсінбей, төре тұқымдарына шекесінен қарады деп анықталды (Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – С.133). Десек те, бұл нағыз алыстан ойластырылған саяси ойын болатын. Соңында өздері ұйымдастырған жоспардан орыс саясаткерлері амалсыздан бас тартты. А.И.Левшин оны орындау (Уәли ханды орыстан босату – Ә.М.) қиынға соғатын және Ресейге еш пайда әкелмейтін деп қорытады (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – С.282). Арандату нәтижесінде жазылған хат орыс империясының Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы қосып алу барысындағы жұмыстарды батыл жүргізуге сылтау ғана болды. Оның арты Уәли ханға қарсы шыққан қазақтарды түрліше жолмен марапаттауға ұласты. Көп ұзамай Орта жүз руларына Ресей бодандығын қабылдаудың өтеміне Ертіс алқабынан жер бөлінді. Мұны пайдаланған қазақ рулары Ресейге қарай ішкерілей еніп орналаса бастады. Сол кездегі есеп бойынша олардың саны 140 мыңнан асқан (Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. Алматы: «Атамұра», 1998. 275 б.).

Бұл кезеңде Ұлы, Орта жүз қазақтары Қытаймен Үрімші, Іле, Тарбағатай жерлерінде сауда-саттықты дамытып, екі жылда бір рет елшілерін жіберіп, екі ортадағы шаруаларды бірлесе бір шешуді жалғастырған. Қытай болса өз ретінде қазақ билеушілерін тартып, ерекше құрмет көрсетіп, түрлі атақ-дәреже берген. Қазақтар осындай қарым-қатынасты шығыстағы атакеңді иелену үшін пайдаланған. 1803 жылы Уәли хан ұлы Бөкірді (бір деректе Бегалы) Қытай патшасына жібереді. Басты мәселе шығыстағы жайылымдарды кеңейту еді. Келіссөздер нәтижесінде 1805 жылы Чиң патшасы жарлығымен шекарадағы қарауылдан ішке қарай бірнеше 10 шақырым жерлер қазақтардың қыстауы мен көктемге беріледі. Кейін хан Қытайға інісі Қамбар сұлтанды аттандырады.

Бұл кезеңде Қытайдың да белгілі дәрежеде сыртқы саясаты әлсірей бастады. Олар қазақтардың оңтүстігіндегі кокандіктардың күш алып, Ұлы жүз руларына шабуыл жасай бастағанына да назар аудармады. Оны пайдаланған Қоқан билеушісі Әлімбек 12 мың әскермен 1807 жылы Ташкенттің төңірегін басып алады. Араға уақыт сала ол Ташкентті де бағындырады.

Осындай жағдайда орыс империясы Шығыстағы басты ойыншыға айналды. Патша үкіметі Сібір шептерінің қолбасшысы Г.И.Глазенапқа Уәли ханға қарсы топтарды қолдауды, оларды үнемі қоллаштауды тапсырып, ханның барлық істеріне кедергі жасауды қатаң жүктеді. Уәли хан 1809 жылы жазған хатында орыс әскерлерінің қазақ даласына енуін, қазақтарға қысым жасауын, шұрайлы жерлерді иемденуін тоқтатуын талап етті. Талапқа назар аудармастан, 29 сәуірде капитан Часовников, 4 мамырда хорунжий Безязков, 6 мамырда майор Морозов әскерлері Уәли мен Ғаббас сұлтан иеліктерін шабуылдады (Бекимова К.Т. Орта жүзде қос хандық биліктің пайда болуы. 21-22 б.; КРОММ. 4 к., 1 т., 154 іс, 59, 136 п.).

Бұл кезеңде, шынтуайтына келгенде орыс шекаралық әкімшілігі күн санап әскери-барлау жұмыстарын жүргізуді батыл дамыта түсті. 1815 Усть-Уйск бекінісінен Торғайдың жоғары ағысына подполковник Феофилачев бастауымен 1617 адамнан, соның ішінде 330 қазақ-орыс, 1080-нен астам башқұрттан, екі

(жалғасына 7 бетте)



На страже мирного неба

Уроки истории показывают, что независимым государством может быть лишь тогда, когда оно способно защищаться от любых посягательств извне. Памятуя об этом, с первых дней независимости в Казахстане стали заниматься созданием современной и универсальной армии, которая может обеспечить безопасность страны.

В этих целях для укрепления обороноспособности Республики, а также совершенствования и оптимизации органов управления Вооруженных сил, войска Противовоздушной обороны и Военно-воздушных сил были объединены и созданы Силы Воздушной обороны, которые являются сегодня одним из основных видов Вооруженных сил страны. Слияние двух военных ведомств в одно было осуществлено в рамках реформирования Вооруженных сил, в соответствии с указом Президента страны от 17 ноября 1997 года. В связи с этим, приказом Главнокомандующего Силами Воздушной обороны от 17 апреля 2008 года официально была установлена дата создания СВО ВС РК – 18 августа 1998 года. Теперь эта дата считается днем профессионального праздника всего личного состава частей и соединений Сил Воздушной обороны, которые на днях отметили 15-летний юбилей.

Формирование и становление Сил Воздушной обороны и в начальной стадии, и сегодня не на один день не оставались вне поля зрения Президента страны – Верховного Главнокомандующего Вооруженными силами Нурсултана Назарбаева. Благодаря его заботе решаются все вопросы социального характера, увеличивается денежное довольствие, последовательно решаются жилищные и другие проблемы военнослужащих. Много внимания уделяется боевой подготовке военнослужащих. Для этой цели созданы учебные центры всех родов войск, в их числе и войсковая часть 44841.

Принятые меры по совершенствованию Вооруженных сил не могли не сказаться в результатах деятельности. Теперь военнослужащие получили возможность регулярно заниматься боевой подготовкой и совершенствовать свою выучку. Сегодня тактические учения становятся обычными плановыми мероприятиями. Вот и в эти августовские дни войска СВО находятся на полигоне Сары-Шаган, где будут проходить тактические учения с боевой стрельбой стран участниц ОДКБ под названием «Боевое содружество - 2013». Боевыми стрельбами соединений и частей будет руководить Командующий войсками ПВО полковник Нуржан Муқанов.

В праздничный день творческая группа Приозерского гарнизона побывала в гостях у своих коллег по оружию, находящихся на полигоне «Сары-Шаган». Хозяева полевого лагеря с радостью встретили гостей. Ознакомили с бытом военнослужащих и организацией их досуга в свободное время. Несмотря на непогоду в этот день спортивные команды войсковых частей соревновались на волейбольных



площадках и футбольном поле на кубок Командующего ПВО. Другие поднимали гиревые снаряды и подтягивались на турнике. Во всем чувствовалась умелая рука организаторов и командного состава полевого лагеря.

После небольшой экскурсии по полковому лагерю и ознакомления с жизнью военнослужащих, находящихся в полевых сборах, участниками творческой группы Приозерского гарнизона был организован праздничный концерт.

В начале, ведущий концертной программы предоставил слово начальнику лагерного сбора полковнику Курамысову А. С., который поздравил всех собравшихся с профессиональным праздником – 15-летием создания Сил Воздушной обороны. В своей поздравительной речи Аят Сагидуллаулы отметил: «... я, горячо и сердечно поздравляю всех своих соратников – офицеров и сержантов, солдат и служащих с днем Сил Воздушной обороны. Вы успешно решаете поставленные задачи Президентом – Главнокомандующим Вооруженными силами, Министром обороны РК в интересах обеспечения безопасности и обороноспособности государства. На мой взгляд, Вы всегда были символом мужества, отваги и благородства, и остаетесь ими по сей день. Желаю Вам, защитникам воздушных рубежей нашей Родины крепкого здоровья, огромного счастья, успехов в ратном труде и конечно же, мирного неба над нашей страной!». После выступления начальника лагерного сбора, концертную программу открыл известный в городе певец капитан Нургалиев Нурбакыт с песней «Көк тудың желбірегіні». Всем известно, что эта патриотическая песня за короткое время завоевала известность и стала популярной в стране. Конечно, здесь требуется мастерство исполнения и вокальный дар, чем не обделен наш Нурбакыт. Зрители стоя аплодировали нашему певцу. Поэтому он второй раз вышел на сцену и спел народную песню «Жамалым». Также интересным и душевным было выступление солдат срочной службы войсковой части 44841 Дюсембаева

Мираса и Бегелдинова Саяна, Айтмаханова Асхата исполнивших песни «Қазақтай ел қайда», «Жаса Қазақым», «Алға қазақ жігіттері» и «Жаса Қазақстан».

Природный дар и исполнительское мастерство этих молодых людей не могли не восхищать зрителей. Думается, их ждет большое будущее на сцене после службы. А песня «Өз елім», в исполнении вокального мэтра нашего города Убисова Талгата, никого не оставила равнодушным. Зрители аплодировали Талгату и пожелали ему дальнейшего творческого успеха.

Также следует отметить выступления Болисовой Айганши с песней «Сарыжайлау», и «Әдемі ау», Носоновской Людмилы с песней «Офицеры» и «Самолеты», а также выступление танцевальной группы «Жұлдыз».

(продолжение на стр. 5)





(начало на стр. 4)

Следует отметить, что успех любой концертной программы зависит и от ведущих. В этом отношении выступления опытной Ардак Ахатаевой с молодым партнером Асетом Крыкпаевым, которые умели своими шутками и прибаутками развеселить зрителей, найти живой контакт с аудиторией не вызывает никаких сомнений в их одаренности и таланте.

Наша творческая группа была настроена еще продолжить день с танцами с полевыми. Однако непогода помешала. Довольный от увиденного начальник лагеря полковник А. Курамысов выразил свою благодарность начальнику Приозерского гарнизона полковнику Б. Жиенбаеву за оказанную шефскую помощь в проведении концертной программы для военнослужащих. А членам творческой группы пожелал удачи и успехов в повседневных делах. Интересные моменты этого дня были запечатлены на фотоаппарат.

На обратном пути из полевого лагеря, мы обратились к заместителю командира войсковой части 44841 по воспитательной и социально-правовой работе майору Б. Сидикову, руководившему поездкой творческой группы, с вопросом: «Доволен ли он результатом выступления наших артистов?» На что последовал ответ Бахыта Смадияровича: «Продолжительное время находиться воинам в полевых условиях всегда тяжело, тем более в праздничный день. Поэтому, как мы говорим, разгрузка им необходима. В этом смысле наша поездка оправдана. Что касается выступления



артистов то, они могли выступить еще лучше. Однако, я знаю, что посредственное их выступление не их вина. Когда шквальный ветер поднимает пыль с песком и ударяет тебе в лицо, извините, здесь не до пения или же танцев. Я наоборот благодарен своим артистам, в таких трудных условиях сумевших выступить и показать зрителям частицу своих способностей. Если будет возможность, к празднику Дня

Конституции мы постараемся еще раз приехать и сделать хороший праздничный подарок. Это наш долг. Только бы погода не подвела».

Вот так закончился день в полевом лагере полигона Сары-Шаган, который доставил немного радости и веселья нашим соратникам по оружию.

Муханбедия Сахалов



Древние монеты каганов, тегингов и тудунов

На территории современного Казахстана в разные эпохи имели хождение разные деньги – акша, бакыр, тенге, динар, дирхем, фулс, пұл, жамбы, тайтұяқ, койтұяқ, алтын, күміс тиын, ділда, сом и другие.

У казахов есть такие интересные национальные игры, как «жамбы ату» («сбить серебрянный жамбы») или «тенге ілу» («подхватить тенге»), в названиях которых присутствуют слова, обозначающие деньги. Кроме того, сохранились пословицы, также связанные с деньгами, к примеру, «Тенге вырастает из тыяна, конь – из жеребенка». Все это является историческим доказательством того, что в Казахской степи издавна чеканились деньги. В разные исторические времена они назывались по-разному. Древнетюркская эпоха богата, например, такими металлическими монетами, как акша, бакыр. В средневековье появились тенге, динар, дирхем, фулс, пұл; в последующие времена – тыын, пұл, жамбы, тайтұяқ, койтұяқ, алтын, күміс тиын, ділда, сом.

